

3. Селезнева Н.А. Качество высшего образования как объект системного исследования. Лекция-доклад. – М. – 2004.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КОЛОРИСТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Салқымбаева С.А., п.ғ.м., аға оқытушы
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада болашақ мұғалімдердің колористикалық сауаттылығын сыршырай сабақтарында қалыптастыру ерекшеліктері туралы айтылған

Кілтті сөздер: колорист, сауаттылық, колористикалық сауаттылық, бейнелеу сауаттылығы, композиция, қабілет, түс.

Эстетикалық пәндер циклынан, соның ішінде бейнелеу өнерінен сабақ беретін оқытушылардың дайындық деңгейін арттыру бүгінгі таңдағы міндеттердің бірі. Өйткені бейнелеу өнерінің оқытушысы мектепте өнердің эстетикалық мүмкіндігіне байланысты бірқатар спецификалық міндеттерді шешеді, сол арқылы оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін мақсатты түрде қалыптастыратын жұмыс тәсілін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты өнердің теориясы мен тарихын терең білетін, шығармашылықтың мақсат–мұратын жете түсінетін және түс теориясын зерделей зерттеудің нәтижесінде түсті қабылдауды қалыптастыру процесін анық ұғынатын оқытушыны дайындап шығару мәселесі туындайды.

Қазіргі уақытта түстің мәселелерімен ғылымның бірқатар салалары айналысады, олардың әрқайсысы түсті өздерін қызықтыратын жағынан алып зерттейді. Физика саласын ең әуелі түстің энергетикалық табиғаты қызықтырады. Ал, физиологияны – түсті адам көзімен қабылдау және оның түске айналуы, психологияны – түсті қабылдаудың мәселесімен оның жүйкеге әсері, түрлі эмоциялар тудыруға бейімділігі, биологияны – тірі және өсімдіктер организміндегі тіршілікте түстің маңызы мен ролі ерекше қызықтырады. Қазіргі түс жайында математикаға да маңызды роль береді, оның көмегімен түсті өлшеудің тәсілдері жасалады [1].

Түсті әр қырынан алып қарайтын осы ғылымдардың басын қосқанда ғылыми тұстану атауы шығады. Сыршырайтегі түс теориясы өзінің барлық даму жолында ғылыми тұстанудан тәуелсіз болуға талпынып көрді. Суретшілер мен теоретиктерге түс туралы ғылым мен оның қағидаларының сыршырай практикасында және бейнелеу өнері теориясында қолдануындағы байланыс анық байқала бастады.

Түс көркемдік мазмұндылықтың негізгі құралдарының бірі болып қызмет етеді, ал оның мәселелері сыршырай теориясының маңызды тарауларының бірін құрайды. Түсті қабылдаудың жекелеген сұрақтары көптеген авторлардың зерттеулерінде қарастырылған, біз бұл сұрақты шешуге осы мәселенің қолданбалы маңыздылығының негізінде келмекпіз. Өйткені түсті қабылдаудың заңдылықтарын меңгеру барысында студент сыршырайлік сауат алып қана қоймайды, сонымен бірге құралды өзіндік көрудің және оны салудың (жазу мәнері) қалыптасу жолдарына мақсатты түрде келеді. Бұл – болашақ суретшіпедагогты дайындап шығарудың тиімді және маңызды шарты болып табылады. Себебі ол – мектеп қабырғасында оқушыларға эстетикалық тәрбие берумен қатар, оларға қажетті теориялық және практикалық білім беруге тиісті тәлімгер ұстаз.

Түсті ғылыми тұрғыда зерттеу мен оны көркемдік, эстетикалық игерудің арасында әжептәуір айырмашылық бар. Мысалы, физик кез келген түсті толқынның ұзындығы арқылы сапалық және сандық жағынан анықтай алады. Бірақ ол өз ғылымының шеңберінен шығып, түстің эстетикалық табиғатына талдау жасай алмайды. Осылайша түстің әдемілігі табиғи материя ретінде қалыптаспайды, ол өзіне тән спецификалық қоғамдық табиғатқа ие болады. Жалпы мәселелердің бұл аспектісімен сыршырай теориясы айналысуға тиісті [2]. Ол әдістемелік негіз ретінде бір жағынан эстетикаға, екіншіден, ғылыми тұстануға сүйенеді. Өйткені бейнелеу өнеріндегі түс құбылысы қанша жерден спецификалық болғанымен ақыр соңында ол да табиғи құбылыс болып табылады. Сол себепті өнерде байқалатын заңдылықтар бұл жағдайды да көрсетеді.

Сыршырайтегі түс құрылымының заңдылығы дегеніміз нақты өмірдің суретшінің шығармашылық санасы арқылы қайта өңделген бірқатар заңдылықтары. Түстің гармониясы, колориті және контрастылары суретші өзінше қабылдайтын, жинақтап, жасап шығаратын түс құрылымдарының абстракциясы. Бұл ретте нақты өмір, табиғат (немесе «түпнұсқа») суретші үшін қайнар көз. Бірақ

көркемдік форманың теория негіздерін жасауға талпыныстары үшін үнемі қарсылық тудырып отырады, өйткені суретші шығармашылығын схемаға салуға болмайды, әр суретшінің өз қағидасы бар. Шынында, шығармашылық еңбек барысында сезімтүйсікке ерекше маңызды орын беріледі. Материалистік түсінік деңгейіндегі интуиция жұмбақ түйсік емес, бүгінгі ғылым түсіндіре алатын үрдіс [3].

Суретші өзінің талғамына, тәжірибесі мен түйсігіне сай жұмыс жасайды. Ұлы суретшілердің қайсысы болмасын өзінің суреткерлік құпиясын білуге ұмтылып, шығармашылық үрдістің заңдылықтары туралы ойланған. Бұндай байқаулар әрбір суретшінің шығармашылық тәжірибесін көрсетеді. Сондықтан бейнелеу өнерінің теориясын қалыптастыру жолында өзінің пікірі мен басқа суретшілердің байқауларын салыстырып, ортақ арнаға келу керек.

Түстің теориясы ғылыми тұстанудың көмегіне сүйенеді. Жекелеген жағдайларда оның терминологиясы мен әдістерінсіз жұмбақ көріністерді түсіндіру мүмкін емес. Бейнелеу өнеріндегі түстің табиғаты мен ролін зерттеуде ғылымның бірқатар салаларымен ортақ үйлесім керек, ғылыми тұстанумен байланыста болу қажет және мұның өзі бейнелеу өнеріндегі шығармашылықтың табиғатынан туындайды [4].

Біз бұл жұмысымыздың түс туралы қазіргі ғылыми көзқарастар мен бейнелеу өнері теориясы туралы дәстүрлі ұғымдар арасына көпір орнатуға талпынушылық деп бағаланғанын қалар едік. Бұл бағытта осы күнге дейін өте аз жұмыс жасалғандықтан, біздің бұл көпіріміз әлсіздеу, солқылдақтау көрінуі де мүмкін. Бірақ біз осы жұмысымызда келтірілетін деректер мен мәліметтер болашақ педогог-суретшілер мен практиктерге пайдасын тигізеді деп үміттенеміз. Өйткені бұл ізденіс жаңа көріністер мен заңдылықтар ашпайды, керісінше, тұстанудағы бұрыннан белгілі заңдылықтарды еркін менгеріп, тәжірибеде пайда болған заңдылықтарды жүзеге асыруға көмектеседі.

Түсті дұрыс пайдаланбау бір сәттік ақпаратты дұрыс ұғынбауға, қоршаған ортаға төмен бейімделуге әкеліп соқтырады. Түсті мақсатты түрде пайдалану мәселелері дизайнер, архитектор және басқа бірқатар мамандық иелерін оқытудағы базалық негіз болып табылады. Осыған байланысты тұстану негіздерін зерттеудегі басты міндет түсті пайдалануда қазіргі ғылым мен техниканың, өнердің жетістіктерін ескеру. Сол арқылы функционалдық, техникалық-экономикалық және эстетикалық талаптарды қанағаттандыруға жол ашылады.

Біздің пікірімізше, бейнелеу теориясы жалпы сыртқы қабаттың көркемдік қасиетіне қарамастан, ондағы бейнелеудің құрылымдық заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Нақтылап айтсақ, оның проблемалары – форманың пластикалық тұтастығын құрудағы және кеңістік тереңдігіндегі түстің ролі және тағы басқа мәселелер болып табылады.

Сыршырайдағы түстің теориясы дәл ғылымдардың көмегінсіз жасалуы мүмкін емес. Бұл ғылымдар түсті зерттеуде өздерінің ерекше мақсаттары мен міндеттерін мойындарына ала тұрып, өнер теоретигіне зерттеудің жаңа жолдарын айтып бере алады [5].

Барлық педагог-суретші, егер ол сыршырайдағы түс проблемаларын шындап зерттесе, түс теориясының қазіргі ғылыми негіздерін білуге тиісті. Өйткені сыршырай бейнелеу өнерінің негізі және болашақ мұғалімдерді, сол сияқты дизайнерлерді және бейнелеу циклының басқа да мамандарына көркемпедагогикалық білім мен эстетикалық тәрбие беру жүйесіндегі жетекші пән болып табылады. Ол студент жастардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға, эстетикалық талғам мен эстетикалық қабілетті қалыптастыруға байланысты мүмкіндіктерге ие пән.

Студенттердің сыршырай катысты ғылыми-теориялық ұғымдарды зерттеулері олардың кәсіби дайындық деңгейін арттыруды әлі де болса қамтамасыз ете алмайды. Бейнелеу өнерінің оқытушыларын кәсіби тұрғыдан даярлап шығаруда тұстану теориясы мен қабылдау психологиясының негізгі ережелері мен қағидаларын білудің маңызы аз емес. Өйткені мұндай дайындық барысында түсті меңгеру дағдыларына, бейнелеудің техникалық және шығармашылық тәсілдеріне жетекші роль беріледі [6].

Қазіргі уақытта түстің проблемасы – физиканың, физиологияның, психологияның, философия мен өнердің түйіскен тұсындағы жалғастырушы буын және ғылыми-зерттеушілік ізденістердің болашағы зор саласы. Түс, көрініс ретінде, сәуле шашу физикасымен, сезіну психофизикасымен, қабылдау психологиясымен бірге айқындалады. Ақпаратты субстрат ретінде түс бейнелеу өнеріндегі, ғылым дағы ұғымдардың алшақтығын жоятын шара бола алады.

Әдебиеттер:

1. Агастон Ж. Теория цвета и ее применение в искусстве и дизайне. М., 1982.
2. Аронов В.Д. Художник и предметное творчество. М.: Сов. художник, 1987.
3. Салкымбаева С.А. Тұстану. Қарағанды, 2012.
4. Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. М.: Прогресс, 1974. С. 299.

5. Балкенов Ж.Ш. Халық мурасындағы ұлттық өрнек және рең. Караганды, 1996.
 6. Bmunfeld W. Nimbus und Golbgrond / Zur Entstehung des Hecligenccheius. Das Munster. 2000. № 3.

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Салтанова Г.А., ф.-м.ғ.к, профессор; Карагулова Д.А., магистрант;
 Кубашева Н.Н., магистрант
 Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
 Атырау қ., Қазақстан Республикасы.

В статье рассматриваются автоматизированная информационная система (АИС) в учебном процессе. Ее совокупность программно-аппаратных средств, предназначенных для автоматизации деятельности, связанной с хранением, передачей и обработкой информации.

Automated information system in the educational process review article. The totality of hardware and software resources related to storage, transmission and processing of information.

Кілт сөздер: автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ), ақпараттық технологиялар, коммуникациялық желілер, компьютерлік коммуникация.

Қазіргі кезеңдегі даму барысының ажырамас белгісі жаһандандыру және қоғамды автоматтандыру болып табылады. Барлық салаларда автоматтандыру ақпараттың және ақпараттық жүйелердің дамуындағы рөлін түбірлі өзгертеді. Қоғамның осы бағытта даму деңгейі, оның әлемдік жүйеге интеграциясы автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің (ААЖ) пайдалануының көлемі мен сапасына және мамандардың кәсіби қызметіне тәуелді.

Кез келген ортаның автоматтандыру деңгейі ақпараттық жүйе қызметінің даму деңгейімен және онымен жұмыс атқарып, қызмет көрсететін мамандардың санымен, біліктілігімен анықталады. Сондай-ақ автоматтандыру үдерісі, қазіргі ақпараттық жүйелерді көп көлемде шығарумен оларды соңғы кезеңде жиі пайдаланып жүрген жүйелерге қосу мәселелерін шешуді қарастырады және де оның алдағы уақыттарда дамуын болжайды [1].

Қоғамның қазіргі заманауи ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктеріне байланысты адам іс-әрекетінің барлық ортасында компьютерлік және желілік технологиялардың бірігуінен пайда болған ақпараттық жүйелерді пайдалану кең өріс алды. Жұмыс істеу ортамызды компьютерлендіру, техника жабдықтарының көлемді түрде енуі оқу ортасы мен кез келген ғылым саласы алдында бірқатар көкейкесті міндеттер қою барысында. Ол міндеттер оқу үдерісінің тиімділігін жоғарлатуда, компьютерді пайдалану мүмкіндіктерін зерттеуге байланысты. Әрине, білім беруді автоматтандыру оқу үдерісінің көптеген аспектілеріне мәнді, әрі орасан зор әсерін тигізеді.

Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - ақпаратты жинауға, сақтауға, іздеуге және сұраным арқылы талап етушіге жеткізуге арналған программалық және техникалық құралдар ортасы. Сонымен қатар, ақпаратты жасақтау және басқару нәтижелерін қабылдауға арналған ақпарат, экономикалық – математикалық модельдер мен әдістер, программалық, техникалық, технологиялық жабдықтар мен мамандар жиынын білдіреді.

Автоматтандырылған жобалау жүйесінің негізгі міндеті - бұйым мен оның құрама бөліктерін жобалаудың барлық немесе жеке сатыларында автоматтандырылған жобалау жұмысын жүргізу. Жалпы айтқанда, жүйе – бұл зерттеушіні бір мақсатқа жету үшін арналған бір мезетте әрекет ететін және қатынас бойынша реттелген кез келген бірімен-бірі байланысқан элементтер жиынтығы [2].

Автоматтандырылған ақпараттық жүйелер ақпаратты өңдеудің қазіргі индустриясының негізгі ерекшеліктерін қанағаттандырады. Олар басқару және шешімдерді табуды ұйымдастырады, сонымен қатар қабылданатын шешімнің сапасын, толықтығын, нақтылығын, дұрыстығын және өз уақытында жасалуын әлдеқайда жоғарлатады. Жалпы автоматтандыру ұғымы ХІХ ғасырдың соңында кең қолданыла бастады.

Автоматтандырудың деңгейі кең көлемде өзгеріске түсуі мүмкін, яғни басқару үдерісі толығымен адам арқылы жүзеге асатын жүйелерден автоматты түрде жүзеге асатын жүйелерге дейін. Сондықтан автоматтандыру басқару процесінің жоғарлауы адамның жұмысын жеңілдетеді. Автоматтандырылған жүйеде автоматты жабдықтарды басқару объектісінен ақпараттық жеткізу, жинақтар, жасақтау және өзгерту, басқаратын жүйе қалыптастыруды, сонымен бірге басқарылатын объектіде олардың орындалу кезеңін жүзеге асырады.

Қазіргі қоғамды автоматтандыру үдерісінің басым бағыттарының бірі білімді ақпараттандыру –